БҮГІНГІ САНДА

Облыстық қоғамдық-саяси газет

МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады

mangystaumedia.kz

АУА РАЙЫ

	ТҮН	КҮН
Ақтау	+15	+10
Жаңаөзен	+11	+8
Форт-Шевченко	+13	+8

№107 (10183) 1 қараша, сейсенбі, 2022 жыл

Сенаторлар арнайы экономикалық аймақта болды

Заңғар АМАНКЕЛДІ

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНЕ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ АРНАЙЫ САПАРМЕН КЕЛДІ. ЖОҒАРЫ ПАЛАТА ДЕПУТАТТАРЫ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ.

2-БЕТ

«FREEDOM» ХОЛДИНГІ сумен қамту жобаларын қаржыландырады

Өткен жұмада «Freedom» компаниясының өкілдері мен Маңғыстау облысының әкімдігі «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында өңірде су сору станциясы мен су құбыры желілерінің құрылысын қаржыландыру туралы меморандумға қол қойды.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

Кездесуге Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, «Freedom Holding Corp.»-тың бас атқарушы директоры Тимур Турпов, «Freedom Finance Global PLC» директорлар кеңесінің төрағасы Сергей Лукьянов қатысты.

«Freedom Holding Corp.» өңір халқын сумен қамту жобасын жүзеге асыру үшін 2,12 млрд. теңге сомасында қаржы бөлуге ниет танытып отыр. Инженерлік нысанның құрылысы аяқталса, Ақтау қаласы мен Түпқараған ауданының Ақшұқыр, Сайын Шапағатов ауылдары тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде 230 мыңға жуық адам сапалы суға қолжеткізеді. Нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстарын Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» МКК жүргізеді. Құрылысты 2023 жылдың соңына дейін аяқтау көзделген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл жыл басында отандық бизнес өкілдерімен кездесуде адал бәсекелестік, қабылданатын шешімдердің, ашықтығы, мемлекеттік сайлаттың болжамдылығы, бизнестің салық адалдығы, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі сынды бірқатар маңызды мәселелерді көтереді.

«Егер сіз өз болашағыңызды Қазақстанмен байланыстырсаңыз, онда инвестициялық қаржыңызды ел экономикасына бағыттауға мүдделі болуыңыз маңызды. Бұл – сіздің Қазақстан алдындағы әлеуметтік және саяси жауапкершілігіңіз», – деген болатын Мемлекет басшысы.

– Кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілікке үлкен мән беріп, өңір экономикасын өркендетуге инвестиция тартуға ниеті қуаттарлық жайт. Ұзындығы 18 шақырымды құрайтын су құбырын тарту жобасына қолдау көрсеткен Тимур Турповқа алғысымды білдіремін. Ақтау қаласынан Ақшұқыр ауылына дейін төселген су құбыры желісі өңір халқын сумен қамтиды. Сондай-ақ, және инвестор есебінен су тұшыту зауыты салынып жатыр. Өздеріңіз білесіздер, Маңғыстау облысында әсіресе мамыр айынан қыркүйекке дейін ауыз су тапшылығы байқалады. Бұл жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Ақшұқыр, Сайын Шапағатов елді мекендері мен Ақтау қаласының бір белігі толығымен сумен қамтамасыз етіледі деп күтеміз, – деді Нұрлан Ноғаев.

Жалғасы 2-бетте »

ОҚУ ОРДАСЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Жайық НАҒЫМАШ

Жуырда Yessenov University президенті, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Берік Ахметов қоғам алдындағы 2-есептік кездесуін өткізіп, жұртшылық пен БАҚ алдында бір жылда атқарылған жұмыстардың есебін жариялады. Есеп беру кездесуі Youtube каналында және Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінің тікелей эфирінде өтті.

Кездесуге Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Ұлықбек Тналиев, өңірдің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, «Amanat» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық маслихат хатшысы мен депутаттары, еңбек ардагерлері, қоғам белсенділері, серіктес компания басшылары, өлкемізді өндіріс орындарының басшылары, университеттің ғылыми кеңесінің мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы, Union жоғары студенттер кеңесінің мүшелері қатысты.

Маңғыстау облысындағы жоғары білім көшбасшысы саналатын Yessenov University президенті Берік Ахметов 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс қорытындыларына көңіл тоқтады. Ол Ш.Есенов университеті ACQUIN халықаралық институционалды аккредитациясынан шартсыз өткен Қазақстандағы алғашқы және жалғыз университет екенін атап өтіп, оқу орнының заман талаптарына сәйкес, одан әрі дамыту жоспарын жариялады.

– Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуы үшін оқыту, шабыттандыру және зерттеулерді дамыту миссиясын көздейтін университетіміздің ашықтық, ықпластық, креативтілік сынды құндылықтары бар. Сол құндылықтарымыздың ішінде ашықтықты дәріптеп, осымен қоғам алдында университеттің жұмысын екінші рет егжей-тегжей таныстырмақ ниеттемін.

Бүгінде мемлекетімізі үшін адами капитал сапасы басты өлшемге айналып отыр. Осы орайда біліктілік мәселесі айрықша маңызға ие екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында жиі айтып келеді. Ал жоғарғы оқу орнының мемлекет дамуына қосар үлесі орасан.

Жалғасы 6-бетте »

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ — халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір

Айгүл ОРЫНБАЕВА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың наурыз айындағы «Жаңа Қазақстан: жаңарту мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында «Қоғамдық ұйымдардың қызметі әлеуметтік орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді. Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңыртуды талап етеді», – деп атап өткен болатын. Бүгінде мемлекет пен халық арасында алтын көпір орнатқ білген үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қоғамдағы рөлі зор.

ЖАЛҒАСЫ 6-БЕТТЕ